

«6D070100 - Биотехнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «Құндылығы жоғары асыл тұқымдылардың жыныстық қызметін реттеуге қажетті аталық араның биологиялық белсенді гомогенатын сақтау және өндіру технологиясын құру» тақырыбындағы К.Б.Шоинбаеваның диссертациялық жұмысына

ШКІР

Аграрлық сектордағы ағымдағы реформалар аясында биотехнологиядағы ауылшаруашылық саласы да қалып қоймауы тиіс. Қазіргі таңда осы саланың алдында Америка Құрама Штаттары, Франция, Австралия, Канада, Аргентина сияқты әлемдегі табысты елдермен бәсекелестік пен нарыққа және өздерінің азық-түлік өніміне деген қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында, ауыл шаруашылық зерттеулері мен дамытудың тиімді жүйесін құру міндеті тұр.

Еліміздегі қазіргі бар ғылыми потенциал бірнеше ұрпақтан бері қалыптасып келген. Бұл - баға жетпес интеллектуалдық ресурс болып табылады және ары қарайғы ұлттық аграрлық зерттеулер жүйесін дамытудың негізі болып сақталуы қажет. Сонымен қатар отандық аграрлық ғылымда тұтастай алғанда ғылым жүйесіне арналған мәселелер туындап отыр. Олардың ең бастысы, ғалымдардың ғылыми зерттеу жұмыстары нәтижелерінің толыққанды коммерцияланбауы. Сондықтан қазіргі дамып келе жатқан жаңа биотехнологияларды ауыл шаруашылығында қолдану, ғылыми қызметтің тиімділігін айтарлықтай арттыратын еді.

К.Б.Шоинбаеваның диссертация тақырыбы қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі табиғи, биологиялық белсенді заттардан тұратын аталық ара ұрықтарын сақтау және өндіру технологиясын құру мен оны асыл тұқымды өндірушілердің жыныстық қызметін стимулдауда қолдануды зерттеуге арналған.

Зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша Scopus мәліметтер базасына кіретін журналда, ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған басылымдарда мақалалар жарияланып, ғылыми тәжірибелік конференцияларда баяндалып, жақсы бағаға ие болды.

Диссертациялық жұмыс бойынша зерттеу жұмыстары М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебі «Биотехнология» кафедрасының «Медициналық және фармацевтикалық биотехнология», «Микробиология» зертханаларында, ҚР Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертханасында», Санкт-Петербург мемлекеттік технологиялық институтында (Ресей Федерациясы) сонымен қатар Инженерлік бейінді конструкциялық материалдар зертханасында жүргізілген.

Диссертациялық жұмыс нәтижелері М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Биотехнология» кафедрасының оқу үрдісіне және Оңтүстік Қазақстан облысындағы асыл тұқымды қабандарды өсірумен айналысатын «Шұбар» және бал ара шаруашылығымен айналысатын «Пасека-Бал» шаруа қожалықтарына өндіріске ендірілді.

Диссертация жұмысындағы тақырыптың өзектілігі, ғылыми және іс-тәжірибе нәтижелерінің құндылығы, жүргізілген зерттеулердің орындалған көлемі, нәтижелері мен қағидалары, қорытындылардың жариялануы бойынша толық аяқталған жұмыс болып табылады және «Ғылыми дәрежелерді беру ережелеріне» сай келеді.

К.Б.Шоинбаеваны «6D070100 - Биотехнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынамын.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ
«Биотехнология» кафедрасының
профессоры, а.ш.ғ.д.,
отандық ғылыми кеңесші



Өмірзақ Т.

а.ш.ғ.д., профессор
Өмірзақ Т. қолын растаймын

М.Әуезов атындағы ОҚМУ
Ғылыми хатшысы



Сатаева Л.М.